

Б.Қ. Төлбасова¹, Б.А. Қадырбаева²

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы;

²Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы
(E-mail: botakozt@mail.ru)

Диалогтық оқыту әдістемесін жоғары оқу орындарында қолдану ерекшеліктері

Мақалада қазіргі заманғы және дамыған мемлекеттердің талаптарына сәйкес жоғары оқу орындарында оқу үрдісін ұйымдастыруда диалогтық оқыту әдістемесін қолдану ерекшеліктері қарастырылған. Интербелсенді әдістер және рефлексия түсінігіне жауап алынды. Интербелсенді әдістердің басты мақсаттары, нәтижелілігі мен тиімділігі зерттелген. Интербелсенді оқытуды ұйымдастырудың ережелері ұсынылған. Интербелсенді әдістердің бірі болып табылатын диалогтық оқытудың стратегиялары мен әдістері қарастырылған. Диалогтық оқыту әдістемесін қолданып өткізілген сабақтан үзінді келтірілген және сол сабаққа рефлексия жасалған.

Кілт сөздер: диалогтық оқыту, топтық жұмыс, оқыту стратегиялары мен әдістері, интербелсенді әдістер, рефлексия, интербелсенді оқыту, студент, оқу үрдісі.

Жоғары оқу орындарында өзгерістер болып жатыр, әрине, ол өзгерістер білімнің жаңа, инновациялық тұлғалық-дамушылық парадигмасы бағытына қарай жүргізілуде. Бұл өзгерістер адамның интеллектуалды-шығармашылық әлеуетін тиімді қолдану қажеттілігінен туындайды.

Қазіргі таңда оқытушыға тек өз пәнінің жетік маманы болып қана қою жеткіліксіз, әрбір оқытушы өзінің оқу үрдісін ұйымдастыруға деген көзқарасына жаңашыл өзгерістер енгізуі қажет болады. Мұндай өзгерістер практика жүзінде кеңінен орын алу үшін, жоғары оқу орындарында оқу үрдісінде студенттерді оқытудың интербелсенді әдістерін кеңінен қолдану қажет. Оқытудың интербелсенді әдістері жоғары оқу орындарында студенттерді кәсіби даярлау үрдісін жетілдірудің ең басты құралы болып табылады.

Жоғары оқу орындарында оқытудың түрлері көбіне дәстүрлі түрде жүргізіледі, яғни оқытушы білімді жеткізеді, ал студент есте сақтайды. Осы орайда Л.С.Выготский: «Оқытушының дайын білімді жеткізілген дәрісі студентті әлбетте көп нәрсеге үйрете алады, бірақ студент бойында ешқандай әрекет жасамай, жеткізілген ақпаратты тексермей, бөтен адамның қолынан алынған дайын ақпаратты қолдануға ғана тәрбиелейді», — деген [1]. Дәрісті дәстүрлі тәсілдермен жүргізу мен интербелсенді әдістерді пайдаланып жүргізу арасындағы айырмашылықтың бірі, оқытушы мен студенттің өзара әрекеттестігінің өзгеруінде, яғни оқытушы белсенділігі студент белсенділігімен алмасады, мұнда оқытушының міндеті студенттердің белсенділігінің артуына жағдай жасау болып табылады.

Интербелсенді әдістер дегеніміз не? Интербелсенді әдістер (ағыл. *interaction* — өзара қатынас, бір-біріне әсер ету деген мағынаны береді) — білім алушылардың өзара қарым-қатынасына негізделген оқыту әдістері.

Интербелсенді әдістердің ең басты мақсаттарының бірі — оқытуда қолайлы жағдайлар жасау, яғни студент оқу барысында өзінің жетістігін, өзінің интеллектуалды маман бола алатындығын сезіну, бұл оқу үрдісінің өнімділігін арттыра түседі. Оқу үрдісін ұйымдастыруда барлық студенттердің таным үрдісіне тікелей араласа алуына мүмкіндік жасалады, нәтижесінде студент өзінің не білетіндігін және не ойлайтындығын түсінуіне, сондай-ақ рефлексия жасауына мүмкіндік алады.

«Рефлексия — қарастырылатын әрбір мәселе бойынша ой толғатып, жан-жақты зерттеп, өз түсінігінді қалыптастыру, өзіңді тану мен түсіну, ішкі жан дүниені үңілу, өзіңмен сырласу, өзіңе есеп пен баға беру дегенді білдіреді. Осындай рефлексиялық жұмыс санада жаңа ұғымдар мен түсініктерді құрастырады, жаңа білім қалыптастырады, сол себепті де оқу/оқыту үрдісіндегі барлық іс-әрекеттердің негізін рефлексия құрауы керек. Үйрену үрдісінің мақсаты ойшыл тұлға қалыптастыру болғандықтан, оның мазмұнын рефлексиялық іс-әрекеттер құрауы керек» [2].

Интербелсенді оқытудың нәтижелілігі мен тиімділігі мынада [3]:

– оқытудағы интербелсенді әдістер практикалық мәселелерді шешуде ұғыну, меңгеру және білімді шығармашылықпен қолдану үрдісін қарқынды етеді. Студенттердің оқу үрдісінде тек дайын білімді ғана алып қана қоймай, білімді белсенді қолдану есебінен оқыту тиімділігі қамтамасыз етіледі. Егер де оқытудың интербелсенді әдістері мен стратегияларын сабақта үнемі қолданып отырса, онда студент бойында ақпаратты тиімді меңгеру дағдысы қалыптасады және ойын айтуда қателесуден қорықпайтын болады да нәтижеде оқытушымен қарым-қатынаста сенімділік пайда болады;

– интербелсенді әдістер мәселені талқылауда студенттердің уәжін арттырады, ол өз кезегінде олардың ізденіс белсенділіктеріне эмоционалды түрткі болады, нақты іс-әрекетке итермелейді, нәтижеде білім алу үрдісі саналы түрде жүреді;

– интербелсенді әдістер бірегей ойлау мүмкіндігін қалыптастырады, проблемалық жағдайларға өздігінше үнілуге мүмкіндік береді, одан шығу жолдарын іздестіруге талпындырады; өз ұстанымы мен өмірлік құндылықтарын дәлелдеуге талпындырады; басқа да көзқарастарды тыңдай білуге үйретеді; толеранттылық пен кішіпейілділікті сақтай отырып, қарым-қатынас жасай білуге үйретеді;

– оқытудың интербелсенді әдістері қызметті ұйымдастыру тәсілдерін алмастыруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, қызметтің жаңа тәжірибесін алуға, оны ұйымдастыруға, өзара әрекеттестікке түсуге үйретеді. Интербелсенді қызмет — білім, білік — дағды, қызмет — коммуникация тәсілдерінің дамуын қамтамасыз етіп қана қоймайды, студенттердің жаңа мүмкіндіктерін ашуға көмектеседі, дара және ұжымдық қызметті саналы түрде сезіне отырып, тәжірибе жинақтау үшін, құндылықтарды сезіну және қабылдау жолында құзыреттіліктерін қалыптастыру және жетілдірудің басты шарты бола алады;

– оқытудың интербелсенді әдістерін пайдалану білімді меңгеру және оны қолдану біліктілігін, білік және дағдыларын түрлі жағдайларда икемді және адамгершілікпен қолданылуын бақылауға мүмкіндік береді.

Интербелсенді оқытуды ұйымдастыру дәстүрлі оқытуды ұйымдастырудан өзгешелігі бар. Бұл мәселеде А.Қ.Әлімов [2] интербелсенді оқытуды ұйымдастырудың мынадай ережелерін ұсынады:

1. *Аудиторияны жұмысқа даярлау.* Тиімді жұмыс жасау үшін аудиторияда компьютер, LCD-проектор, тақта (жылжымалы тақта) немесе интербелсенді тақта, бор, флип-чарттар (плакаттар), маркерлер, А4 форматындағы қағаз болғаны дұрыс. Студенттердің еркін түрде жұмыс жасауына аудитория қолайлы болуы тиіс. Себебі сабақта студенттерден тұратын шағын топтар құрамы бірнеше рет өзгеруі ықтимал, сол себепті парталар студенттердің емін-еркін қозғалуына кедергі болмауы тиіс.

Әдетте студенттер аудиторияда партаға екеуден отырып, жүздерін оқытушы жаққа бұрып отырады. Бұлай отыру олардың бір-бірімен өзара араласып, тиімді қарым-қатынас орналастыруына көмек бермейді, сондықтан студенттер бір-бірлерінің жүздерін көріп отырғандары дұрыс, себебі белгілі бір мәселені топтасып талқылағанға қолайлы жағдай жасалынуы тиіс.

2. *Топқа бөлу.* Әр сабақта (әсіресе семинар және практикалық сабақтарда) студенттерді шағын топтарға бөліп, сол арқылы олардың бірлесе жұмыс жасауына қолайлы жағдай жасау қажет. Студенттерді 4 адамнан шағын топтарға бөлген тиімді, олар партаны жағалай бір-біріне қарап отырады. Топқа бөлу кездейсоқ түрде жасалынады, алайда семестр бойы әрбір студент барлық топ студенттерімен топ құрамында жұмыс жасап шығуы тиіс. Мұндағы мақсат — студенттердің бір-бірімен тиімді қарым-қатынас құрып, ортақ тіл таба білулеріне ықпал жасау.

3. *Мақсаттарды және күтілетін нәтижелерді айқындау.* Әр сабақтың басында бүгін қарастырылған тақырып бойынша оқытушы өз тұрғысынан сабақтың мақсаттарын айқындап, студенттерден қандай білім, білік, дағды, әрекеттер күтетіндігін жеткізеді. Сонан соң студенттердің өздерінен сабақтан қандай нәтиже күтетіндерін құрастыруды талап еткен орынды болады. Бұл әрекет әрбір студентте өзінің сабаққа тікелей қатысы бар екендігі туралы ойды нақтылап, оларды «Сабақта мен қандай білім ала аламын? Ол үшін мен қандай жұмыс мен әрекеттер атқаруым керек? Бұл білім маған қандай пайда бермек?» деген сұрақтар төңірегінде ой-толғаныс жасауға шақырады.

4. *Жұмыс ережелерін қабылдау.* Сабақ басында жұмыс ережелерін қабылдап (силлабуста келтірілген ережелерден басқа), оларды әрі қарай қатаң ұстану студенттерді тәртіпке шақырып, тиімді әрі үнемді түрде жұмыс жасауға қолайлы. Ол үшін әрбір шағын топ бұл мәселені 1–2 мин талқылап алғаннан кейін, олардың ұсыныстарын көлемді параққа (флип-чарт, плакат) түрлі-түсті маркерлермен жазып, аудиторияның көрнекті жеріне іліп қоюға болады.

Ережелер сан алуан болуы мүмкін, мысалы, жұмыс регламенті, реті мен тәртібін анықтайтын, алайда олар бірлескен жұмыста сыйласымды қарым-қатынас құруға бағытталғаны дұрыс. Мысалы: «Біреу сөйлегенде, оның сөзін бөлмейік! Тұлғаның жеке басын сынамай, көзқарас пен пікірді сынайық! Қысқа да нұсқа сөйлейік! Уақытты үнемді әрі тиімді пайдаланайық! Берілген тақырыптан ауытқымайық! Біз үшін әрбір пікір құнды! Жекелей жұмыс жасағанда, бір-бірімізге бөгет жасамайық! Тыңдай білейік! Берілген тапсырманы мүлтіксіз орындайық!», тағы сол сияқты.

5. *Сенім және жұмыс атмосферасын қалыптастыру.* Студенттерді психологиялық тұрғыдан интербелсенді оқуға дайындау қажет. Әдетте сабаққа келгендердің барлығы бірдей оқуға белсене араласып кетуге дайын бола бермейді, өйткені оларда өздерін қолайсыз сезіну жағдайлары да болуы мүмкін. Мұның бірнеше себептері болады, мысалы, «өзіне үлкен жауапкершілік жүктелуден қашуы немесе жүрексінуі мүмкін. Оң нәтиженің шығуына күмәндануы мүмкін. Жазалаудан немесе күлкі-мазаққа қалудан қаймығуы мүмкін. Еріншектік немесе шаршағандық болуы мүмкін. Назарын жинақтай алмау (мысалы, үзіліс кезіндегі оқиғалардың немесе алдыңғы сабақтың әсерінде болуы)».

Студенттердің сабақ барысында барлық шарттылықтардан арылып, ойлау қабілеттерін белсендендіріп, жұмысқа толық ниеттеліп, қызу кірісіп кетуін ой сергітетін жаттығулар арқылы жүзеге асыруға болады.

6. *Барлық студенттер қатысады.* Интербелсенді әдіс аумағында өтетін сабақ мақсаттарының бірі бірлесе жұмыс жасау болғандықтан, әр қатысушының жұмысқа белсене қатысқандығы керек. Студенттердің білім игеру жұмысының, оның ішінде әсіресе бірлескен жұмыс әрекеттерінің қызықты әрі тартымды екендігіне көздерін жеткізгені дұрыс.

7. *Тыңдай білу: барлық пікірлер тыңдалады.* Топтық талқылау кезінде барлық студенттердің өзіндік пікірлерін айтып, басқалары оны мұқият тыңдап, айтылған пікірді сыйлап, онымен санасатындай қолайлы жағдай жасап отыру қажет болады. Мұндайда барлық студенттердің пікірлері тыңдалуы қажет. Топтық бірлескен жұмыстан соң (талқылау, пікірлесу, ой қозғау, тапсырманы бірлесе орындау т.б.) әр топқа өз пікірі мен көзқарасын жариялау мүмкіндігін беру керек.

8. *Жазбаша жұмыстар.* Үйренудің басты мақсаты — тұлғаның дамуы, оның ішінде әсіресе ойлау қабілеті мен шығармашылық дағдылардың өркендеуі. Ал жазу (жазба жұмыстары) — ойлаудың шырқау биігі, сондықтан да әрбір сабақта жазба жұмыстарын жиі қолданып отырған орынды. Жазба жұмыстары — студент білімін бағалаудың дәлелді нысаны.

9. *Кері байланыс.* Кері байланыс — сабақтың мазмұны немесе әдіс-тәсілдері, оның тиімділігі мен қандай дәрежеде өткендігі туралы студенттердің ой-пікірлері мен эмоциялары, олардың болашақтағы (келесі сабақтардағы) өз мұқтаждарын келтіруі. Кері байланыс арқылы алынған пікірлер оқытушыға өткізген сабағына баға беріп, оның ұтымды жақтары мен кемшіліктерін анықтап, келешек жұмысына өзгерістер енгізу мүмкіндігін береді.

Студенттерге «Сабақ қалай өтті: қызық өтті ма? Сіз үшін сабақтың құнды жақтары нелер болды? Бүгін не үйрендіңіз (білдіңіз)? Бүгінгі үйренгеніңіз Сіз үшін келешекте керек болады деп ойлайсыз ба? Осы тақырып бойынша тағы да не білгіңіз келеді? Сабақтың өту барысы туралы қандай пікірлеріңіз (ұсыныстарыңыз) бар? Келесі сабақта қандай мәселелерге назар аудару қажет деп ойлайсыз?» деген сұрақтарды ауызша талқылау немесе жазбаша жүргізілуі тиіс. Осылай кері байланыс бағалаумен бірігіп, оны орындауға студенттерге жеткілікті уақыт беріледі (мысалы, 5–10 мин).

Демек, интербелсенді деген өзара әрекеттестік жасау немесе әңгімелесу дегенді білдіреді десек (затпен, мысалы, компьютермен сұхбаттасу немесе адаммен сұхбаттасу), онда интербелсенді оқыту, ең алдымен, диалогтық оқыту, оның көмегімен өзара әрекеттестік орнату болып табылады.

Диалогтық оқыту, өз кезегінде, оқыту мен оқудағы ұстаным, ол оқытушының оқу материалын даярлаудағы қолданатын ережелері мен студенттердің меңгеру барысындағы қолданатын ережелері болып табылады.

Диалог термині сөздіктерде түрліше түсіндіріледі, мысалы:

1) «Тіл білімі сөздігінде»: «Диалог (сұхбат) (гр. *dialogos* — әңгіме, сұхбат). Диалогтық сөйлеу — (сұхбаттасу) өзара тілдесу негізінде ауызша сөйлеу формасы [4].

2) «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «Диалог — екі немесе бірнеше адам арасындағы әңгіме», делінген [5].

3) Қазақ тілі энциклопедиясында: «Диалог (гр. *dialogos* — сөйлесу, әңгімелесу) — екі адамның тіл қатысуы», деп көрсетілген [6].

Адамдар кез келген жағдайда өз ойын біреуге түсіндіріп, білдіруде, пікірлермен алмасу үшін тілдік қарым-қатынасқа түседі, демек, диалог құрып сөйлеседі.

Зерттеушілердің пікірінше, адамның бір-бірімен қарым-қатынас жасауының үштен бір бөлігі тілдік сөйлесу қарым-қатынасына түсуден тұрады, яғни адамдар арасында үнемі диалогтық сөйлесу жүріп жатады.

Диалог ғылыми-зерттеулерде мынадай негізде қарастырылады:

- тұлғаның жаңа мәдениетін құру әдісі (М.М.Бахтин, С.Ю.Курганов, Р.Ф.Литовский);
- ерекше қызмет үрдісі, онда түсінісу, ұғыну, субъектілердің бір-біріне эмоционалды әсер етуі (З.А.Васильева, В.С.Ильина);
- ерекше коммуникативті орта (Г.С.Батищев, М.М.Бахтин);
- сөздік қарым-қатынас (коммуникация), оның негізін сөздік қызмет құрады (Г.М.Андреева, Л.С.Выготский);
- пікірталас (В.Н.Курбанов, Л.Б.Туманова).

Зерттеуші-ғалымдардың пікірлері бойынша, диалогтық сөйлесудің негізгі бөліктерін: сөйлеу оқиғасы, сөйлеу жағдайы, айтушы мен тыңдаушының диалогтық сөйлесу барысында бір-біріне әсер етуі деп бөліп көрсетеді. Осылайша бөліктеу сөздің тууы мен оның қабылдануынан, сөйлесетін серіктестер қолданған сөйлемдер мен сөйлеу жағдайлары арасындағы байланыстардан, диалогтық сөйлесуді қиындататын факторлардан, оны түсінуді жеңілдететін факторлардан тұруы мүмкін.

Сабақты ұйымдастыруда мынадай кілттік идеяларды ұстануға болады:

- әңгіме негізгі құрал болып саналады, оның көмегімен оқытушы студенттердің оқу үрдісін қолдап және дамытып отырады;
- оқытушы диалогты қолдану көмегімен студенттердің білім сапасына тиімді әсер ете алады;
- диалогтық оқыту идеясына сәйкес, анкета және топтық жұмыстар студенттердің білімдерін жетілдіре алады.

Бірлескен әңгіме тиімді нәтиже береді, яғни:

- әңгіме-тақырыпты кім қалай түсінгендігін анықтауға мүмкіндік береді;
- түрлі студенттерде түрлі ойлар болатындығын анықтауға мүмкіндік береді;
- идеялар мен ойлар дәлелдемелеріне аргументтер табуға көмектеседі;
- әрбір студенттің қабілетін анықтауға көмектеседі.

Сондай-ақ дәстүрлі сабақта әңгімедегі жетекші рөлді оқытушы атқарады.

Диалогтық оқыту барысында студенттер сын тұрғысынан ойлауды үйренеді, мән-жайды және қажетті ақпаратты талдау негізінде күрделі мәселелерді шешуге, балама пікірлерді таразылауға, ақылға салынған шешімдерді қабылдауға, пікірталастарға қатысуға, басқа адамдармен қарым-қатынас жасай білуді үйренеді. Ол үшін дәрісте топтық жұмыстар ұйымдастырылады, зерттеу жобалары қолданылады, рөлдік ойындар ойнатылады, түрлі құжаттармен және түрлі ақпарат көздерімен жұмыстар жүргізіледі, шығармашылық жұмыстар да қолданылады. Студент оқу үрдісінің толық мүшесі болады, мұнда оқытушы дайын білімді бермейді, студенттердің өз беттерінше ізденулеріне түрткі болады және студенттер жұмысында көмекші қызметін атқарады.

Диалогтық оқытудың мынадай стратегиялары мен әдістерін қолдануға болады, атап айтқанда:

1. *«Доп беру» стратегиясы.* Топта белгілі бір тақырыпта допты бір-біріне кезектесіп бере отырып, берілген тақырып көлемінде әңгіме құрады. Бір студент бір сөйлем құрастырып айтады, одан соң допты екінші студентке береді. Нәтижесінде топта аяқталған әңгіме құрылады. Оны бір студент қағазға түсіріп жазып отырады да, топтан ортақ бір ой шығады.
2. *«Оқи тоқи» стратегиясы.* Стикерге әрбір студент берілген тақырып көлемінде ойларын жазады. Топ арасында әркім өз ойын айтады. Содан кейін екі адамнан әңгімелесіп стикерлерінде жазған ойларымен бөліседі.
3. *«Тоса тұр» стратегиясы.* Стратегия шарты бойынша әрбір топ мүшелері өз ойларын осы тақырып аясында пікір бөлісіп, стикерге әркім өз ойларын жазып шығады да, ойларын ортаға салып әңгіме құрып бір-бірін тыңдайды. Әрбір студент өз ойын 1 мин ішінде айтады, шатасып кетпеуі, пікірлер қайталанбауы тиіс, егер бір студент сәл кідіріп қалса, онда сөз кезегі келесі топ мүшесіне беріледі. Тапсырма мазмұны толығымен ашылған соң ортақ тұжырым шығарылады.

Студенттермен әңгімені ұйымдастырудан бұрын кеңесу арқылы, барлық негізгі кілт идеялар анықталып алынғаннан кейін студенттердің қызығушылықтары мен даму бағыттары айқындалады. Нәтижесінде кеңесудің оқу үдерісі үшін өзектілігі, маңызды екендігі нақтыланады.

Нақты бір жүргізілген сабақтың үзіндісінен мысал келтірсек, 5B010900 — «Математика» 4-курс студенттерімен өткізілген сабақта келесі сұраққа жауап алуға тырыстық: «Диалогтық оқыту және топтық жұмыс арқылы оқушылардың геометрияға деген қызығушылықтарын қалай арттыруға болады?». Осы сұраққа жауап алу үшін «Куб тұрғызу» тапсырмасын орындадық.

Рефлексия. Куб тұрғызу тапсырмасынан бұрын студенттермен «Тоса тұр» стратегиясы қолданылды. Тапсырма мазмұны толығымен ашылған соң ортақ тұжырым шығарып, әрбір топ өздерінің кубтарын жасауға кіріседі. Бір ауыздан кубты тұрғызудың табыс критерийлері анықталып алынды да аудиторияда көрнекі жерге іліп қойдық.

Бұл стратегияны сабақта қолдану нәтижесінде студенттер сабаққа жақсы уәждеіліп, белсенділіктері жоғарылады (сур. қара).



Сурет. «Тоса тұр» стратегиясы

Одан кейін 10–15 мин көлемінде теория түсіндірілді де, тағы бір стратегия қолданылды, ол «Оқи тоқи» деп аталады. Бұл стратегияны қолдану барысында студенттердің бүгінгі тақырыпты қалай түсінгендерін анықтау, байқау әрі пысықтау қажет болды. Осы мақсаттарда бұл әдісті қолдану өте тиімді нәтиже беретіні анық.

Топтағы бір студент дәстүрлі тәсілмен сабақ өткенде, көбіне үндемей, ешқандай белсенділік танытпай, құлағына құлаққап тағып алып, өзінің басқа жұмыстарын жасап отыратын. Ол студентті бұзық, сабаққа ықыласы жоқ, мамандығын ұнатпайтын студент деген ой қалыптасқан еді. Интербелсенді оқыту әдістемесін қолдану барысында ол студенттің көбірек пікірталасқа қатынаса алатын, өз ойын жыйнақты әрі нақты айта алатын, тереңінен ойлана алатын қабілетінің бар екендігін байқап, өзімізге жаңалық ашқандай болдық. Сабақтан ол студенттің көңілінің толып, қуанып шыққаны байқалды. Нәтижеде ол студентке деген көзқарасымыз да өзгерді. Ол студент бұдан кейін де сабақта белсенділік танытуын одан әрі жалғастырып отырды. Оның сабақты оқуға деген құлшынысы байқала бастады, тіптен интернетке кіріп, жан-жақты материалдар қарастырып, пікірін тереңінен түсіндіріп, жаңа мағлұматтар беруге тырысып отыратын болды.

Топ студенттері «куб тұрғызу» және оның қасиеттері мен мүмкіндіктері, қолданылатын салалары туралы кең көлемде ақпарат жинай алды.

Топта тағы бір байқалған ерекшелік, бұрын жақсы бағалар алып жүрген студенттер бұрын сабақта белсенділік танытпай жүрген студенттердің мұндай қабілеттерінің барлығына таң қалып, кішкене сасқалақтап қалды. Олардың дәстүрлі әдістер аясында студенттердің тек кітапта ғана жазылғанды жаттанды айтып үйренгендіктері байқалып қалды. Келесі сабақта олар жаттанды айтқанның дұрыс еместігін байқап, сабаққа жан-жақты дайындалып келуге тырысты.

Сабақ соңында «Доп беру» стратегиясы қолданылды. Бұл стратегияны қолдану себебіміз, әрбір студенттің сол күні өтілген тақырыпты қаншалықты түсінгендерін анықтауға мүмкіндік беретіндігінде. Топта әрбір студент осы тақырып бойынша не түсінгенін әңгіме құрып, ойын толық жеткізуге тырысады, одан кейін допты келесі студентке береді. Осылай доп студенттен студентке ауыса отырып, топта айналып қолдан қолға өтіп отырады. Топ ішінде бір студент әркімнің ойын жа-

зып отырады, кейін топтан қағазға тұжырымдап жазып, топ атынан екі баладан ортаға шығып сол күнгі сабақты қалай түсінгендерін қорытындылайды.

Студенттердің тақырыпты меңгеру деңгейін анықтау үшін диалогтық оқыту әдістемесін оқу үрдісінде қолданудың тиімді екендігіне көз жеткіздік.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Выготский Л.С.* Педагогическая психология / Под ред. В.В.Давыдова. — М.: Педагогика, 1991. — 480 с.
- 2 *Әлімов А.Қ.* Интербелсенді әдістемелік жоо-да қолдану мәселелері: оқу құралы. — Алматы, 2013. — 448-б.
- 3 *Панина Т.С.* Современные способы активизации обучения: учеб. пособие / Под ред. Т.С.Паниной. — М.: Академия, 2008. — 176 с.
- 4 *Тіл білімі сөздігі* / Жалпы ред. басқ. проф. Э.Д.Сүлейменова. — Алматы: Ғылым, 1988. — 540-б.
- 5 *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.* — 3-т. / Жалпы ред. басқ. А.Ы.Ысқақов. — Алматы: Ғылым, 1978. — 735-б.
- 6 *Қазақ тілі энциклопедиясы* / Қазақстан даму институты. — Алматы: Желді басып шығару баспаханасы, 1988. — 508-б.

Б.К. Тульбасова, Б.А. Қадырбаева

Особенности применения методики диалогового обучения в высших учебных заведениях

В статье рассмотрены особенности применения диалогового обучения, стратегия и методы при организации учебного процесса в высших учебных заведениях в соответствии с требованиями развитых стран и современного общества. Даны ответы на вопрос, что такое интерактивные методы и рефлексия. Рассмотрены основные задачи, результативность и эффективность интерактивных методов обучения. Предложены правила организации интерактивного обучения, отрывок проведенного занятия с использованием диалогового обучения.

B.K. Tulbassova, B.A. Kadyrbayeva

Features of teaching methods dialog in higher educational institutions

The article discusses the features of the application dialog learning their strategies and methods in the educational process in higher educational institutions In accordance requirements of developed countries and of modern society. Answers to questions «That such interactive methods and a reflection are given?». The main objectives, productivity and efficiency of interactive methods of training are considered. Rules of the organization of interactive training are offered. Strategy and methods of dialogue training as one of methods of interactive training are given. The fragment of the given classes with use of dialogue training is given and the reflection.

References

- 1 *Vygotski L.S.* *Pedagogical psychology*, edit. V.V.Davydov, Moscow: Pedagogiycs, 1991, 480 p.
- 2 *Alimov A.K.* *Use of interactive methods in higher education institution.* Education book, Almaty, 2013, 448 p.
- 3 *Panina T.S.* *Modern ways of activization of training:* education book / Under edit. T.S.Panina, Moscow: Akademiya, 2008, 176 p.
- 4 *Dictionary of knowledge of language*, edit. of professor E.D.Suleymenova, Almaty: Gylym, 1988, p. 540.
- 5 *Explanatory dictionary of the Kazakh language*, 3, under the general edit. A.I.Iskakov, Almaty: Gylym, 1978, p. 735.
- 6 *Encyclopedia of the Kazakh language* / Institute of development Kazakhstan, Almaty: Publ. house of the fast press, 1988, p. 508.